

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы)

ӘРТҮРЛІ АУЫСЫМДАҒЫ ТЕЛЕФОН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН САЛЫСТЫРУ

Аннотация

Халықаралық телефон қызметкерлерінің еңбекке қабілеттілігін, шаршауын, психо-эмоциональдық қа-жуын атқаратын жұмыстарының көлемі мен информациялық ақпараттың шамасына қарай талдау.

Кілт сөздер: телефонисты, гиподинамия, информационные системы, организм.

Ключевые слова: телефоншылар, гиподинамия, ақпаратты жүйелер, организм.

Keywords: telephone operators, lack of exercise, information systems, the organism.

Жоғарғы жиіліктегі электро және радиоманниттік аспаптармен жұмыс жасайтын телефон қыз-меткерлерінің денсаулық жағдайлары бүгінгі ғалымдардың денсаулығын алаңдатып отырған күр-делі мәселеге айналып отырғаны белгілі. Бұл сала жоғарғы кәсіби біліктілікпен қатар, белгілі дәрежедегі қызмет көрсету мәдениетін, адам ағзасының физиологиялық бітіміндегі бір қалыпты-лықты, төзімділікті қажет ететін сала болып есептеледі. Осы саладағы маман иелеріне еске сақтау қабілеттерінің жоғарылығы, байқағыштық, ақпаратты дер кезінде қабылдап ала отырып, алынған ақпаратты бір мезгілде жүйелеп, оны тапсырысына қатысты уақтылы талдау, қызмет көрсету сала-сындағы адамдардың психикалық, жүйке, көру және есту жүйелеріндегі жоғары дәрежедегі мобилизациялауды қажет қылады.

Телефон станцияларында қызмет жасайтын жұмысшылардың денсаулық жағдайларына әсер ететін негізгі зиянды факторлардың қатарына ұзақ уақыт отыру жағдайында болуы, электромаг-ниттік сәулелену, саусақ буындарының жүктемесі, көзге үлкен жүктеме түсу, ақпарат жоғалтқан-дағы стрессті жағдайлар және басқа факторлар жиынтығы болып табылады.

Денсаулықтың негізгі көрсеткіші екенін ескере отырып 2 кластағы ауруларды таңдап алдық: көз және көз айналасының аурулары, сүйек, бұлшық ет жүйесі, дәнекер тканьдер аурулары.

Жалпы аурудың даму тарихы мен оның өріс алуындағы ер адамдар мен әйел адамдардың үлесі шамалас болатындықтан зерттеумен қамтылған, мәліметтерді іріктеу барысында жынысына қарай топтау әдісі қолданылған жоқ.

Денсаулық жағдайы туралы ақпарат көзі ретінде 112 есеп беру картасы алынды. Алматы қала-сының денсаулық сақтау департаментінің статистикалық мәліметтері және осы мекеме жұмысшы-лары көптеп тіркелінген №10 емхана деректері алынды.

Жалпы аталмыш мекемелерден алынған мәліметтер соңғы 4 жылды қамтып, олар әр ауысымда жұмыс істейтін адамдардың тобына қарай жіктелінді. Алынған нәтижелер топтық ерекшеліктеріне қарай сараптауға алынып, олардың орташа шамалары есептелініп шығарылды.

Негізгі топты құрап отырған телефон операторлары арасындағы 2 класс аурулары орташа алғанда 39,7% құрады, ал салыстыру тобындағы көрсеткіштік шама 21,2% болып, негізгі топ көрсеткішінен сенімді түрде 18,8%-ға төмен болды, ($P < 0,05$).

Ақпаратты информациялық жүйелер арасында тәулік бойында жұмыс істейтін қызметкерлердің денсаулық жағдайы мен олардың ағзаларындағы физиологиялық функциональдық қызметтеріндегі ауытқушылықтар ерекше назарға ие.

Статикалық мекемелерде және түйіннен шығатын қосылыстарда 0,8–1,0 аралығында норматив-ті талаптардан төмен болады, олар негізінде бірден жоғары болу керек. КЮ ең төменгі көрсеткіш-тері санитарлық-тұрмыстық мекемелерде 0,4–0,5 санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Табиғи жарықтандырудың жалпы жүйесін сипаттағанда, күндізгі жарықтандыру сынапты шамдармен және тербелмелі шамдармен қамтамасыз етіледі. Кейбір мекемелерде, жалпы жарықтандыру жүйесі-мен қатар, және де жергілікті жарықтандыру, сонымен қатар қажет жағдайда жарықтандырудың қосарланған жүйесі қолданылады. Телефоншылардың бейне жұмысы санитарлық нормаға сәйкес орташа нақтылықта (СН және П. 11-4-79), бұл жерде ең кіші көру объектісі 0,5–1,0 мм, 4-ші разрядқа, подразрядқа «а», «б», «в» және «г». Телефоншылардың 3 мезгілдік жұмысын ескеретін болсақ, бұл жерде жасанды жарықтандыруды рациональды ұйымдастыру өте маңызды. Біз мекеменің жарықтандырылуын арнайы люксметр Ю-16 мен тексеретінбіз.

Жүргізілген жарықтандыру зерттеулерінен соң, негізгі өндіріс мекемелерінде жарықтандыру талаптарға сай, ал кейбір жерлерде жарықтандырудың төмендеуі күйген сынапты шамдарды уақы-тында ауыстырылмауынан екендігі анықталды. Телефон желісі орындарында 152–158 лк аралы-ғында болды, бұл санитарлық нормадан төмен (200 лк). Жұмыс орындарында жарықтандыруды өлшеу нәтижесінде мекеменің басында, ортасында, соңында (біз мекемені шартты түрде 3 секторға бөлдік). Телефоншылардың жұмыс орындарында залдың басында және ортасында жарықтандыру 158 лк шамасында болды, мекеменің соңында жұмыс орындарын жарықтандыру қанағаттанарлық-сыз болды, 30–40 лк-дан төмен. Бұл компьютер жүйесіндегі осы сектордағы жоғарыдағы аталған себептерге байланысты қайта жабдықтаумен түсіндіріледі.

Жарықтандырудың бұдан да қанағаттанарлықсыз көрсеткіштері мекемедегі түйіннен шығатын қосылыста – 204 лк және статикалық – 270 лк жасанды жарықтандырудың ең төменгі көрсеткішін көрсетті.

Бұл қызметкерлердің ерекше назарда болуының басты себебі олардың бір тәулік бойында қи-мыл қозғалыссыз бір қалыпта отыра беру (гиподинамия) болып табылады және де осы қозғалыссыз бір қалыпты отыра беру ақырында жұмыс барысындағы монотониялықты және гипокинезиялықты тудырады. Кейбір мекемелердегі телефонистар жоғарғы шу, әлсіз жарықтану, температуралық режимнің дұрыс сақталмауы ақыр соңында осы мекемедегі қызметкерлердің ағзаларындағы теріс эмоциональдық факторлар нәтижесінде туындайтын ауытқулар мен ауру белгілерінің пайда болуына әкеліп соқтыруы әбден мүмкін.

Мұнда, қызметкерлердің өз жұмысын жақсы атқаруындағы басты жағдайлардың бірі орталық жүйке жүйесінің функционалдық жағдайы болып табылады. Сонымен қатар жұмысшылардың денсаулығына жұмыс орындарындағы қолайсыз факторлар бірлесе әсер еткен жағдайда олар стресстік ықпалда болып, жұмысшы ағзасындағы ауытқушылықтардың пайда болуына әкеліп соқтырады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі зейін қою қарқыны (ЗҚ), яғни, танылған белгілердің (ҚӘ) жалпы көрсетілген белгілер санына (ЖӘС) пайыздық қатынасын анықтау арқылы бағаланды.

Резюме

Д. К. Кулжанова

(Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы)

СРАВНЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ТЕЛЕФОНИСТОВ РАЗНЫХ РАБОЧИХ СМЕН

Исследованиями установлено, что у телефонисток-компьютерщиц имеется четкая зависимость измененной частоты пульса от темпа и количества движений, состояния сердечно-сосудистой системы, стажа работы. При стаже 5–10 лет и выше отмечалось учащение пульса. Характер и глубина наблюдаемых изменений со стороны сердечно-сосудистой системы у телефонисток отражают нервное напряжение и тяжесть труда.

Ключевые слова: телефоншылар, гиподинамия, ақпаратты жүйелер, организм.

Summary

D. K. Kulzhanova

(Kazakh National Pedagogical University named after Abai)

COMPARE FUNCTIONALITY OF THE DIFFERENT OF TELEPHONE OPERATORS
WORKING SHIFTS

This study focused on assessing the gravity and intensity of connection telephonists labor. Studying the nature of employment of telephone operators revealed that the main load in the work falls on the musculoskeletal system and refers to the 3 severity and intensity of labor. The load on the central nervous system of telephone operators is determined by the function of coordinating the main systems of the body working and processing information.

Keywords: telephone operators, lack of exercise, information systems, the organism.

Поступила 15.07.2013 г.